

|                                 |         |
|---------------------------------|---------|
| ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ   |         |
| ЖЕР КАДАСТР БӨЛІМІ              |         |
| <u>2018 ж. « 21 » 09</u>        | жарғыға |
| <u>(2020 ж. « 18 » 09</u>       | )       |
| Бизнес-сәйкестендіру немірі     |         |
| <u>110740015540</u>             |         |
| енгізілген езгертулер мен       |         |
| толықтырулар тіркелді           |         |
| Тіркеу № <u>139-1959-ИАО-АК</u> |         |

«Түркістан облысының ауыл  
шаруашылығы басқармасы» ММ  
«28» ташын 2020 жылғы  
№ 114-115 бүйрүғымен  
БЕКІТІЛГЕН

«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»  
акционерлік қоғамының  
Ж А Р Ф Ы С Ы

Түркістан қ., 2020 ж.

## **1-бап. Жалпы ережелер**

1. Осы Жарғы «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін және қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Туркестан».

3. Қоғамның кыскартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Түркістан» ӘҚК» АҚ;

орыс тілінде: АО «СПК «Туркестан».

4. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан қ., Қызылорда тас жолы 34 А.

## **2-бап. Қоғамның заңды мәртебесі**

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып және жүзеге асыра алады, міндеттер ала алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## **3-бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

10. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды коспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.



12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

#### **4-бап. Қоғам максаттары мен қызметінің түрлері**

13. Қоғамның негізгі мақсаты тиімді мемлекеттік - жеке серіктестік механизмін құруға, облыста бар активтер мен ресурстар әлеуетін жүзеге асыруға, облыстың, елдің, жақын және алыс шетел рыногының мүмкіндіктерін барынша пайдалануға, шағын, орта және ірі бизнесті дамыту үшін өнірлік нарықтық инфрақұрылымды жургізуге, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның, оның еншілес құрылымдары мен облыстың жеке бизнес субъектілерінің басқару біліктілігі менеджментін шоғырландыру мен дамытуға негізделген Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту болып табылады.

14. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- 1) коммерциялық іс-жүргізуді жүзеге асыру және басқару сұрақтары бойынша кеңес беру;
- 2) экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу мен көмек беру;
- 3) коммерциялық және кәсіпкерлік мекемелердің қызметі.

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

#### **5-бап. Қоғамның мұлкі мен капиталы**

15. Қоғамның мұлкі:

- 1) акционерлер Қоғам акцияларын төлеуге берген мұліктің;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алышатын өзге де мұліктің есебінен құралады.

16. Қоғамның жарғылық капиталын ұлгайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

#### **6-бап. Қоғамның бағалы қағаздары**

17. Қоғам жай акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

18. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәләндірылған құқықтарды пайдаланады.

19. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.

Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша үекілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарының туралы заңдарында белгіленеді.

20. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілдікке қабылдайды.

21. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алыш тастауға болмайды.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы және есепке алудың басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылданған кезде Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін акционерлерінің жалпы жиналышымен анықталады.

## 7-бап. Қаржыланлыру және Қоғамның табысы

23. Қоғамның таза табысы акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

24. Қоғамның акционерлеріне дивидендтер төлеу тек қана Қоғамның тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін жылына бір рет жүзеге асырылады. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналышы қабылдайды. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Қоғам дивидендтер төлеуді ақшамен жүргізеді. Дивидендтер тек төленген акцияларға ғана есептеледі.

25. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем кабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерте дивидендтердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемелерді немесе онын тиісті бөлігін орындау күшіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

## 8-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

26. Қоғам акционерінің:



1) «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Занында (бұдан әрі - Зан) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға катысуға;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайзын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге

3) дивидендтер алуға;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, онын ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

5) орталық депозитарийден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

8) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайзын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңың 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға кайтаруы туралы талаппен жүргінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

11) Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар;

12) акционерлердің жалпы жиналысының Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

27. Ирі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүргінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

28. Қоғам акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және

(немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## 9-бап. Қоғамның органдары

29. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналышы;

2) басқару органдары - Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Басқарма;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - ішкі аудит қызметі.

## 10-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы

30. Акционерлердің жалпы жиналышын шығару және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

31. Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) осы кодексті қабылдау Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

8) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

- 9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 10) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 15) акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
- 16) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 17) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 18) акционерлерге, егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысында айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 19) "алтын акцияны" енгізу және оның құшін жою;
- 20) нәтижесінде акционерлік Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- 21) шешім қабылдау Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

32. Осы Жарғының 32-тармағының 2)-4), 16) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналышының қалған мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

33. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышында Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға

## 11-бап. Директорлар кеңесі

34. Заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметшे жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып

табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне акы төлеу мөлшерін айқындау;

13) тізбесі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайзыны (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыretіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) Занда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыretіне жатпайтын өзге де мәселелер.

35. Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналышымен сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайзы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайзының құрайды.

Дауыстардың саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

36. Мына тұлғалар:

- 1) жоғары не орта арнаулы білімі жок;
- 2) меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де үйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны . үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған тұлға занда белгіленген тәртіптердің солталғандығы жойылған

немесе алынған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл мерзімі өтпеген тұлға;

3)белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі тарату немесе акцияларын мәжбүрлі сатып алу не уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан артық емес кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар сайланбайды. Көрсетілген талап мәжбүрлі жою немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіpte банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

37. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен белгіленеді.

38. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашы болу құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда - атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер) болуы тиіс.

39. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірынғай нысандағы бюллетенъдер және дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) бойынша материалдар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей жіберіледі (таратылады).

Бюллетеньде:

- 1) Қоғамның атқарушы органдың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді берудің нақты күні;
- 4) акционердің жалпы жиналысы жабылатын күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауга ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді

толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі  
Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса береді  
отырып, жазбаша түрде рәсімделеді және хатшысы мен төрағасының қолы  
қойылуға тиіс.

## 12-бап. Қоғамның Басқармасы

40. Қоғамның ағымдагы қызметші басқаруды аткаруышы орган -  
Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Қоғамның алқалы органды болып табылады және осы  
Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің  
және Басқарма төрағасының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам  
қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды және  
акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің алдында оған  
жүктелген міндеттердің орындалуына жауап береді.

Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік  
мерзімдерін және ұйымдық құрылымға сай міндеттерін белгілейді, оның  
мүшелерін сайлайды, және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын  
тоқтатады.

41. Басқарма Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінен тұрады.  
Басқарма мүшелері Директорлар кеңесімен тағайындалады.

Басқарма Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар  
кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер Қоғам мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген  
шектеулер туралы білгендейді және, Басқарманың осы шектеулердің бұза  
отырып жасаған мәмілесінің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

42. Басқарма құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі  
шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;

2) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдерді  
қабылдау;

3) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің  
құзыретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

4) Қоғамның ұйымдастыру бірліктері (бөлімшелері) туралы  
ережелерді бекіту;

5) Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеу және Директорлар  
кеңесіне бекітуге енгізу;

6) Қоғамның жылдық есептілігін, қаржылық есептілікті қоса алғанда,  
дайындау және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізу;

7) кіріс және шығыс сметаларын орындау;

8) жиынтық қаржы жоспарын әзірлеу және оның орындалуын  
бақылау;

9) статистикалық есепті қалыптастыру;

10) сыртқы экономикалық қызметп жүзеге асыру;

11) акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар

кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу.

#### 43. Басқарма Төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамды білдірге құқық беретін сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен Басқарма мүшелерін қоспағанда) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелей шарапарын қолданады және тартіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді. Басқарма мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам Қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласы мен жауапкершілікті Қоғамның ұйымдық құрылымға сай бөледі;

7) Қоғам Жарғысында және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

44. Басқарма Төрағасының қызметі мен оның шешім қабылдау тәртібі осы Жарғымен және Директорлар кеңесі мен бекітілетін Басқарма туралы ережемен айқындалады.

### 13-бап. Ішкі аудит қызметі

45. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметіне, Қоғамның атқарушы органдының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органды болып табылады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

46. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, басшылықта және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз түрде кірісе алады.

47. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытындылар дайындаиды.

48. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, енбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын Қоғамның Директорлар

кеңесі бекітеді.

49. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

## 14-бап. Есепке алу, есепттілік және аудит

50. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

51. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

52. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

53. Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына енгізілтін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілуге жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді акционерлердің жалпы жиналысы жүргізеді.

54. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не акционерлердің жалпы жиналысының талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте акционерлердің жалпы жиналысы аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық кажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

55. Егер Қоғамның Басқармасы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

56. Қоғамның статистикалық есепке алуы мен есептіліг Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

## 15-бап. Қоғамның ақпаратты ашуы

57. Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам өз акционерлеріне және инвесторларға Қоғам корпоративтік шаралар туралы ақпаратты жеткізеді.

58. Акционерлік Қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті

түрде жариялануы тиіс басқа да акпаратты жариялау үшін пайдаланатын акпарат құралдары Қоғамның интернет-ресурсы [www.spk-shymkent.kz](http://www.spk-shymkent.kz) болып табылады.

59. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Занда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндettі.

60. Акционер акпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алатын журналда тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етіліп отырған акпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруге міндettі.

61. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін ақыны Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығындарды төлеуге кеткен шығындардың құнынан аспау керек.

62. Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндettі.

63. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және занды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндettі.

## 16-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату

64. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

65. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## 17-бап. Қорытынды ережелер

66. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

67. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемелекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

«Түркістан облысының ауыл  
шаруашылығы басқармасы»  
ММ басшысы

А. А. Бадырақов

Н. Бадырақов



Жарғы

УТВЕРЖДЕН

Приказом ГУ «Управление сельского

хозяйства Туркестанской области»

от 28 августа 2020 года № 119-н/к

**УСТАВ**

акционерного общества

**«Социально-предпринимательская корпорация  
«Туркестан»**

г. Туркестан, 2020 г.

ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ  
ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТР БӨЛІМІ  
**ТЕКСЕРІЛДІ**

КБЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

## **Статья 1. Общие положения**

1. Настоящий Устав определяет правовой статус, цели, функции, полномочия и основные принципы деятельности акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Туркестан» (далее - Общество).

2. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

на русском языке: Акционерное общество «Социально предпринимательская корпорация «Туркестан».

3. Сокращенное наименование:

на государственном языке: «Түркістан» ӘҚКК» АҚ;;

на русском языке: АО «СПК «Туркестан».

4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, Туркестанская область, г. Туркестан, Кызылординская трасса 34 А.

## **Статья 2. Юридический статус Общества**

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом, а также кодексом корпоративного управления.

8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не

являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

### **Статья 3. Ответственность Общества и акционеров**

10. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

11. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

